

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАРАГАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ
ТІРКЕУ ЖӨНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
20 12 ж. « 03 » 04 жүргізілді
БСН 120490007225
№ 2958-1930-01-МК

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАРАГАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ
ТІРКЕУ ЖӨНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 12 ж. « 01 » 04 жүргізілді
БСН 120490007225
№ 2958-1930-190-77
Бастағы тіркелген күні
20 12 ж. « 03 » 04

«Қарағанды облысының
Экономика басқармасы» ММ
басшысының
ж. « 18 » 02
№ 28 бұйрығымен
бекітілген



**Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (одан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару күкіғінда мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қарағанды облысының әкімдігінің 2012 жылғы 05 сәуірдегі «Коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын күру туралы» №11/09 қаулысына сәйкес құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

4. Мұлікке катысты Кәсіпорынға мемлекеттік меншік күкіғи субъектісі құқығын Қарағанды облысының әкімдігі іске асырады.

5. Кәсіпорынға басшылық ететін орган «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области» управления образования Карагандинской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100019, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атын. ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 8/2 үй.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндепті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мен іс-әрекеттері

12. Кәсіпорынның пәні Қарағанды облысының білім беру жүйесінде ғылыми-әдістемелік кеңістік болып табылады.
13. Кәсіпорынның мақсаты Қарағанды облысының білім беру жүйесінде бірынғай ғылыми-әдістемелік кеңістік күру болып табылады.
14. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін Кәсіпорын келесі міндеттерді іске асырады:
 - 1) облыстық білім беруді дамыту процестерінде ғылыми-әдістемелік сұйемелдеуді қамтамасыз ету;
 - 2) өнірлік білім беру жүйесін дамыту міндетін шешуге бағдарланған кәсіптік бірлестіктің әрекеттесуге, интеграциялауға және үйлестіруге күш салуын жүзеге асыру;
 - 3) білім беруді жаңғырту міндеттерін шешуде түрлі деңгейдегі әдістемелік құрылымдардың желілік әрекеттесуінің тиімділігін арттыруға ықпал ету;
 - 4) эксперименттік, инновациялық және басқарушылық қызметтері тәжірибесін жалпылау және тарату бойынша облыстың білім беру жүйесінде түрлі деңгейдегі әдістемелік қызметтердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;
 - 5) электрондық білім беру ресурстарын күру және оларды тарату, Интернеттің түрлі қызметтерін қолдану арқылы оқытудың дистанциондық-кредиттік технологиясын дамыту;
 - 6) облыстың білім беру мекемелерінің жағдайлары, нәтижелері және даму перспективаларының мониторингі, облыстың білім беру мекемелері педагогикалық және басшы қызметкерлерінің ақпараттық кәжетліктері маркетингін үйымдастыру;
 - 7) Білім беру үйымдарының педагог қызметкерлерін жалпы білім берудің дамуындағы жаңа бағыттары, білім беру бағдарламаларының мазмұны, жаңа оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, видеоматериалдар, ұсыныстар, нормативтік, локальдік актілер туралы ақпараттандыру;
 - 8) педагог қызметкерлердің озық (инновациялық, өзекті) педагогикалық тәжірибесін, білім беру мекемелерінің тәжірибесін зерделеу, жалпылау және технологиялық суреттеу;
 - 9) педагогикалық ақпараттар (нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, әдістемелік және т.б.) банкін қалыптастыру;
 - 10) мемлекеттік білім беру стандарттары апробациясын, білім беру сапасын бағалаудың жаңа жүйесін т.б. ғылыми-әдістемелік сұйемелдеу бойынша тьюторларды даярлау;
 - 11) облыстың педагогикалық және басшы қызметкерлері үшін үнемі қызмет ететін, проблемалық-бағдарланған семинарларды, семинар-отырыстарды, кеңестерді өткізу;
 - 12) педагогикалық және басшы қызметкерлердің әдістемелік жұмыстағы белсенділіктері мониторингі, әдістемелік, инновациялық және эксперименттік қызметті белсендіру және ынталандыру;

- 13) педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу;
- 14) әдістемелік материалдар әзірлеу;
- 15) білім беру қызметін енгізу (семинарлар, проблемалық топтар, кәсіби шеберлік мектеттері, зерттеуші мектептері т.б.);
- 16) білім берудің барлық деңгейлерін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша басшылар мен педагогтардың қажеттіліктері және сұраныстарына сәйкес дифференцияланған негізде консалтингтік әдістемелік қызмет көрсету (накты білім беру мекемесінің ерекшелігін ескере отырып);
- 17) тәрбие-оқыту процесінде үздіксіз біліктілікті көтеру режимінде заманауи білім беру технологияларын қолдану (ендеру) бойынша педагогтармен-шығармашылық (проблемалық) топ мүшелерімен кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 18) білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметінің инновациялық даму бағдарламаларын сараптау және т.б.;
- 19) эксперименттік және инновациялық қызмет жүргізетін педагог қызметкерлердің кәсіби қыындықтары диагностикасын өткізу, талдау жасау;
- 20) облыстың білім беру жүйесінде мониторингтік зерттеулерді сүйемелдеу, ұйымдастыру, өткізу, білім беру ұйымдарының әдістемелік қызмет әрекетінің тиімділігі мониторингі;
- 21) білім беруді дамытуды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету;
- 22) педагогикалық және басшы қызметкерлер үшін ғылыми-практикалық конференциялар өткізу;
- 23) уақытша шығармашылық ұжымдардың жұмысын ұйымдастыру (уақытша ғылыми-зерттеу ұжымдары);
- 24) білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстардың жағдайын талдау, оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу (әдістемелік қызмет дамыту бағдарламасын әзірлеу);
- 25) Қарағанды облысындағы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлік сайыстарын ұйымдастыру және өткізу;
- 26) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында олимпиадалар, сайыстар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
- 27) педагогикальқ ұжымдар мен педагогтардың жұмыс тәжірибелері туралы ақпараттарды жинақтау, өндеу, сақтау және таратуды іске асыру;
- 28) редакциялық-баспалық, ақпараттық және полиграфиялық қызметтерді іске асыру және тарату (ай сайын облыстық педагогикалық газетті баспадан шығару, облыс оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдарын жарыққа шығару);
- 29) ресми сайт құру.
15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.
16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына

қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ немесе «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ немесе Қарағанды облысының әкімдігінің талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Қарағанды облысының әкімдігі:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және жою туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның мүлігін пайдалану, оның ішінде оны кепілге беру туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ:

- 1) Кәсіпорын жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді;

2) Кәсіпорынға коммуналды мүлікті бекітеді;

3) Кәсіпорынмен филиалдарды және өкілдіктерді құруға келісімін береді;

4) Кәсіпорын мүлігін пайдалану, оның ішінде оны жалға, мемлекеттік занды тұлғаларға сенім басқармасына және қайтарымсыз пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстың (қызметтің) міндettі көлемін анықтайады;

2) Кәсіпорынды дамыту жоспарын және олардың орындалуы бойынша есеп беруді қарастырады, келіседі, бекітеді;

3) Кәсіпорынды дамыту жоспарының орындалуына талдау және бақылауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлігін пайдалануға және сақтауына бақылауды іске асырады;

5) Кәсіпорын мүлігін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен жүктелген өзге өкілдіктерді іске асырады.

7) мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және уақытылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның органы оның директоры болып табылады.

19. «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы Кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын рәсімдейді.

20. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметтің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Директор:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар ашады;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелей шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазага тартады.
 - 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ кандидатуралар ұсынады;
 - 9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
 - 10) жеке жауаптылықта болады:
- қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;
- таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорын мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетіletін Кәсіпорынның активтері құрайды.
24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.
25. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мұліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

27. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Жедел басқару мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мұлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңын 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ немесе Қарағанды облысының әкімдігі жазбаша келісімімен «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

33. Кәсіпорын осы Жарғының 30 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мұлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

34. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

35. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 32 және 34 - тармақтарында көрсетілген мұлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

36. Кәсіпорының қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

37. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Кәсіпорының таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі келесі үлгіде айқындалады:

1) Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару таза табыс сомасынан 5 пайызды құрайды;

2) Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 150 000 теңге – 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайызды құрайды;

3) Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайызды құрайды;

4) Таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшеріндегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайызды құрайды;

5) Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайызды құрайды;

6) Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары кезінде аудару 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайызды құрайды.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

38. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорының жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорының жарғылық капиталы

40. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жедел басқару құқығындағы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

41. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ келісімі бойынша халықаралық стандарттарына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

43. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

44. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қарағанды облысының әкімдігі тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлері еңбекақысын төлеу

45. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ белгілейді.

46. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке акы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Укіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 каулысымен белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

47. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара катынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысының әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

50. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ келісімі бойынша «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ жүзеге асырады.

51. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ қайта бөледі.

52. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

53. Кәсіпорынның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің ұсынуымен «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ-нің бүйрүғымен енгізіледі.

**Қарағанды облысы білім
басқармасының «Қарағанды
облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы» КМҚҚ
директоры**



Д.С Асакаева
(қолы)